

Аринова М.С.

**Оңтүстік корейдағы
еңбек мигранттарының
саяси-әлеуметтік ахуалы**

Жаһандану үрдісі қарқынды дамыған қазіргі кезде, мемлекеттер арасында тек тауар мен капитал ғана емес, сонымен қатар, еңбек ресурстары да қозғалысқа түскенін байқай аламыз. Сондықтан қазіргі таңда миграция процесі мен мигранттар, әсіресе, еңбек мигранттары мәселесі көптеген мемлекеттердің басты саяси және әлеуметтік мәселелерінің біріне айналған. Бұл мақалада қазіргі уақыттағы Оңтүстік Кореядағы демографиялық және саяси-әлеуметтік өзгерістерден кейін шетелдіктер мен еңбек мигранттарының көптеп келуі мен олардың қазіргі корей қоғамындағы әлеуметтік және саяси ахуалы жайлы қарастырылады.

Түйін сөздер: Оңтүстік Корея, еңбек мигранттары, миграция.

Arinova M.S.

**Social and political state of labor
migrants in south Korea**

The international migration and issues of labor migrants is now become one of the important social and political issues of many countries. Previously a country of emigration, the Republic of Korea has now become a net migrant receiving country. The evolving migration landscape in Korea and the development of new immigration policies have had a significant impact on Korean society. In this context, it is both highly relevant and timely to take stock of recent trends in migration and migration-related policies for Korea, and to use that perspective to inform policies that anticipate and prepare for potential future challenges. This article discusses the social and political welfare of labor migrants in South Korea.

Key words: South Korea, labor migrants, migration.

Аринова М.С.

**Социально-политическое
положение трудовых
мигрантов в Южной Корее**

Глобализация привела в движение не только товары, капиталы, но и прежде всего трудовые ресурсы всей планеты. В наши дни вопросы международной миграции рабочей силы, мигрантов, и особенно те, которые касаются трудящихся-мигрантов, являются одними из главных социально-политических вопросов многих государств мира. До самого недавнего времени Южная Корея считалась мононациональной страной, но за последние двадцать лет по результатам статистических наблюдений органов управления по вопросам иммиграции демографическое состояние Южной Кореи заметно ухудшилось. Данная статья рассматривает социальное и политическое благосостояние трудящихся мигрантов в Южной Корее.

Ключевые слова: Южная Корея, трудовые мигранты, миграция.

**ОҢТҮСТІК
КОРЕЯДАҒЫ ЕҢБЕК
МИГРАНТТАРЫНЫҢ
САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК
АХУАЛЫ**

Жаһандану үрдісі қарқынды дамыған қазіргі кезде, мемлекеттер арасында тек тауар мен капитал ғана емес, сонымен қатар, еңбек ресурстары да қозғалысқа түскенін байқай аламыз. Сондықтан, қазіргі таңда миграция процесі мен мигранттар әсіресе, еңбек мигранттары мәселесі көптеген мемлекеттердің басты саяси және әлеуметтік мәселелерінің біріне айналған. Қазіргі таңда Оңтүстік Корея мигранттар мен шетелдіктерді көп қабылдайтын елдер қатарына кіретінімен 1960 – 1970 жылдар аралығында шетелде уақытша жұмыс табу мақсатымен жүрген корейліктердің саны шамамен алғанда екі миллион адамға жеткен. Алайда 1980 жылдың алғашқы шенінен бастап демографиялық жағдайдың өзгеруі мен қарқынды экономикалық өсу үрдісі басталғаннан кейін корейліктердің шетелге еңбек миграциясы күрт азайған болатын [1].

Соңғы 20 жыл ішінде Оңтүстік Кореядағы еңбек мигранттары санының ұлғайып, ал келуші шетелдіктердің легі әлі де қарқынды жүріп жатқанын көптеген статистикалық бақылаулардан байқауымызға болады. Әсіресе, Кореяның арнайы статистикалық ақпараттар қызметінің жыл сайын жүргізетін зерттеулерінің нәтижелерінен корей қоғамында шетелдіктер мен еңбек мигранттарының саны өсіп келе жатқаны анық аңғарылады [2].

Статистикалық мәліметтерге жүгінетін болсақ, қазіргі таңда Оңтүстік Корея халық санының динамикалық өсу қарқындығы өте төмен деңгейде, әсіресе, соңғы 10 жыл ішінде туылым деңгейінің төмендеп кеткені байқалады. Халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы (2013 жылдың мәліметтері бойынша) 81,46 жасты құрап, оның ішінде ерлер жасы – 78,25, ал әйелдер – 84,83 жасты құраған. Ал өткен 1970 – 1990 жылдар аралығында статистикалық көрсеткіштер Оңтүстік Кореяның халық саны қарқынды өскенін көрсеткен: 1980 жылы 37,5 миллион, 1990 жылы 42 миллион, 2000 жылы 47 миллион адамды құраған [3]. Демографиялық және экономикалық өзгерістер салдарынан қазіргі Оңтүстік Кореяда әлеуметтік және саяси тұрғыдан бірқатар өзекті мәселелер туындаған. 1990 жылдан бастап экономикасының қарқынды дамыған кезеңдерінен кейін Оңтүстік Кореяның өнеркәсіп орындарында, әсіресе, ауыр өнеркәсіп орындарында жұмысшы тапшылығы анық сезіле бастаған [1]. Қазіргі таңда

Оңтүстік Корея 15 мемлекетпен «жұмысшылармен қамтамасыз ету» жайлы келісімге қол қойған. Осы келісімге қол қойған 15 мемлекеттен Оңтүстік Кореяның жұмысшы тапшылығы байқалатын ауыр өнеркәсіп салаларына арнайы іріктеу арқылы жұмысшылар шақыртылып алынады. Оңтүстік Кореямен «жұмысшылармен қамтамасыз ету» келісіміне келесі мемлекеттер қол қойған болатын: 1. Вьетнам, 2. Филиппин, 3. Индонезия, 4. Таиланд 5. Шри-Ланка, 6. Монғолия, 7. Өзбекстан, 8. Бангладеш, 9. Камбоджа, 10. Непал, 11. Пәкістан, 12. Мьянма, 13. Шығыс Тимор, 14. Қырғызстан 15. Қытай. Осы негізгі мемлекеттерден қазіргі кезде тұрақты түрде Оңтүстік Кореяға еңбек мигранттары келеді [4]. Оңтүстік Кореяға еңбек мигранттары бірнеше арнайы бағдарламалар арқылы келе алады. Сондай бағдарламалар қатарына Employment Permit System (EPS) жүйесін жатқызуға болады. Бұл жүйе негізінде Кореямен еңбек мигранттарына қатысты келісімге отырған он беске жуық мемлекеттен жұмысшылардың келіп, еңбек етулеріне мүмкіндік беріледі. Негізінен EPS арқылы Кореяға еңбек етуге мигранттарының екі тобы келе алады, бірінші топқа E-9 виза иегері, Кореяда еңбек етуге рұқсат берілген шетелдік азаматтар болса, екінші тобына H-2 визасы арқылы бұрыннан шетелде тұратын немесе шетелде туылып өскен этникалық корейліктер болып табылады. Негізінен Оңтүстік Кореяға E-9 визасы арқылы келген еңбек мигранттары мал шаруашылығы, өндіріс саласы, балық шаруашылығы мен құрылыс саласында еңбек ете алады [5].

Алайда E-9 визасы арнайы сараптама жүргізілгеннен кейін ғана арнайы таңдалған шетелдік жұмысшыларға ғана беріледі. Бұндай виза түрін алу үшін шетелдік жұмысшының қолында Корея мемлекетіндегі жұмыс берушісімен жасалған тиісті келісімшарты болуы тиіс. Ресми түрде келісімшарт жасалғаннан кейін ғана шетелдік жұмысшыға E-9 визасы беріледі. E-9 визасы шарттарының бірі бойынша шетелдік жұмысшыға Корея мемлекетінің территориясында 3 жылға дейін еңбек етуге рұқсат беріледі. Жұмыс берушімен шетелдік жұмысшы арасында жасалған келісімшарт жыл сайын жаңартылып тұруы тиіс. Сонымен қатар, E-9 визасының ресми мерзімі аяқталғаннан кейін екі жақтан, яғни жұмысшы мен жұмыс берушінің арасында өзара шағымдар болмаса виза мерзімін қосымша тағы 22 айға дейін созу мүмкіндігі бар. Қазіргі таңда Оңтүстік Кореяда еңбек мигранттары мен жергілікті жұмыс берушілердің арасындағы қарым-қатынастар мен байланысты қадағалайтын арнайы

агенттіктер жұмыс жасайды. Сондықтан жергілікті халық арасынан жұмысшы табылмаған жағдайда шағын және орта кәсіп иегерлері (көбінесе өнеркәсіп саласындағы) осындай агенттіктердің көмегіне жүгіне алады [5].

Оңтүстік Кореяға келетін еңбек мигранттарынан негізінен оның өткен жұмыс тәжірибесінен басқа корей тілінің бастапқы деңгейі мен корей мәдениеті жайлы жалпы білімінің болуы талап етіледі. Дегенмен, Оңтүстік Кореяға келген еңбек мигранттары жаңа жұмыс орнында басқа жұмысшылармен қарым-қатынас жасау үшін, сонымен қатар, өзіне жұмыс беруші тұлғамен тілдесу мақсатында міндетті түрде, аз дегенде корей тілінің бастапқы деңгейіне сай келетін білімінің болуы талап етіледі.

Оңтүстік Кореяда қазіргі таңда корей тілі мен мәдениетін шетелдіктерге үйрететін арнайы орталықтар ұйымдастырылған. Бұндай орталықтар көбінесе жергілікті билік орталықтарымен немесе үкімет тарапынан бөлінген қаражаттардан жасақталған. Бұндай орталықтардан шетелдіктер корей тілінің бастапқы деңгейіне сәйкес білім мен корей мәдениеті жайлы жалпы білім алуға қол жеткізе алады.

2011 жылы Оңтүстік Кореяның өндіріс саласында жұмыс істеп жүрген E-9 визасы арқылы келген мигранттар саны бүкіл шетелдік жұмысшылардың 76,3 пайызын құрған болатын. Ал 2011 – 2013 жылдар аралығындағы E-9 визасы негізінде еңбек етушілер саны шамамен 300 000 адамға жеткен, яғни тіркелген және ресми түрде Корея мемлекетінде жұмыс жасаушы шетелдіктердің 22 пайызын құраған. Жалпы статистикадан және жасалған баяндамаларда берілген ақпараттардан Оңтүстік Кореядағы еңбек етуші шетелдіктердің басым көпшілігі осы E-9 визасының негізінде жұмыс жасап жүргендері анықталған болатын. Дегенмен, Оңтүстік Кореяда тұрақтаған шетелдіктердің басым көпшілігін еңбек мигранттары құрап отырғанымен, өзге мақсаттармен тұрақтаған шетелдіктердің де күн сайын көбейіп келе жатқаны байқалған. Басқа өндіріс салаларында жұмыс істеп жүрген еңбек мигранттарының саны келесідей жүктелген: Құрылыс саласында 5,8 пайыз, ауыл шаруашылығында 5,4 пайыз, балық аулау шаруашылығында 2,0 пайыз [2].

Статистика көрсеткіштері бойынша Кореяда еңбек мигранттарының арасында ең көп E-9 визасының иегері Вьетнам елінің азаматтары екендігі анықталған, олар жалпы еңбек мигранттарының ішінде 30,0 пайызды құрады, одан кейін Филиппин азаматтары 12,2 пайыз, Индонезия

12,4 пайыз, Таиланд 11,0 пайыз және Қытайдан келген Е-9 визасының иегерлері мен Қытайдан келген этникалық корейліктер 8,3 пайызды құратыны анықталған [2]. Әсіресе Е-9 визасы арқылы елге еніп, қалып қойған мигранттар саны күннен күнге өсіп келе жатқаны анықталған болатын. Заңсыз мигранттармен жұмыс және оларды өз елдеріне қайтару жұмыстары саяси және әлеуметтік тұрғыдан алғанда қиын істердің бірі болып отыр. 2003 жылдан бастап Корея үкіметі мигранттарға қатысты саясатына бірнеше өзгертулер енгізіп, нәтижесінде еңбек мигранттарының құқықтары жергілікті жұмысшылар құқықтарына теңестірілген болатын. Алайда бұл өзгертулер барлық мигранттарға қатысты бірдей өзгермеген болатын. Негізінен құқықтар мен таңдау еркі көбінесе шетелден келген этникалық корейліктерге көбірек берілген болатын.

Кореядағы шетелдіктерге қатысты бірнеше құқықтық құжаттар мен заңдар қарастырылған, солардың ішіне иммиграцияны бақылау заңы, шетелдіктермен қарым-қатынас туралы заңы және шетелдіктердің жұмыспен қамтылуы туралы заңы. Кореяда миграция мен мигранттарға қатысты үкімет саясаты мемлекеттің белгілі президенттері тұсында өзгертіліп, толықтырылып отырған [4]. Ким Ён Сам (1993-1998) президенті тұсында мигранттарға қатысты бірден екі заң қарастырылған болатын. Бірі жұмыс күшін сыртқа шығару (импорттау), ал екіншісі тіркелмеген жұмысшылар мәселесін талқылау мен қарастыру жүзеге асырылады [4].

Ким Дэ Чжун (1998-2003) президенті тұсында шетелдіктердің, әсіресе еңбек мигрантарының Кореядағы қалу мерзімі ұзартылған болатын. Өзгерту салдары бойынша мигрант бір жыл арнайы дайындық курстарында және екі жыл жұмыс орынында еңбек етуге құқылы болды. Алайда еңбек мигранттарының жұмыс орнын өзгерту құқығы оларға жұмыс беруші тұлғаның қолында болған, яғни еңбек мигрантының жұмыс орнының басшысы оның жұмыста қалу немесе басқа жұмыс орнына көшуі сияқты маңызды сұрақтарды шешуге құқылы болған. Демек, еңбек мигрантының Кореядағы болашағы оның жұмыс басшысының қолында болған, бұл саясат негізінен қоғамда үлкен дау мен шиеліскен мәселелердің туындауының негізгі себебі болған [4]. Но Му Хен (2003-2008) президенті тұсында 2004 жылдың 17 тамызында «жұмыспен қамту» бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарлама бойынша Кореяда жергілікті тұрғындар арасынан белгілі өндіріс саласында жұмысшы жетіспеген жағдайда шетелден еңбек мигранттарын іздесті-

ріп, оларды жұмысшы тапшылығы бар секторларына орналастыру жұмыстары жүзеге асатын болған. Сонымен қатар осы бағдарлама арқылы Кореядағы сол кездегі заңсыз еңбек етіп жүрген 227 000 астам еңбек мигрантына ресми статус берілді [4].

Ли Мен Бак (2008-2013) президентінің басқару тұсында «жұмыспен қамту» бағдарламасына өзгертулер енгізілген болатын. 2009 жылы Кореяда Әділет Министрлігінің қатысуымен иммиграцияға қатысты алғашқы негізгі жоспар жасалған болатын. 2009 жылы бастапқы жоспары жасалып 2010 жылы іске қосылған. Сонымен қатар Ли Мен Бак президенті тұсында миграция мен мигранттарға қатысты ұзақ мерзімді саясаттың негізі қаланып, оның жүзеге асырылуы басталды. Негізгі енгізілген өзгертулерге мигранттардың азаматтық құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету, ұлты мен шығу тегіне қатысты кемсітушілікпен күрес жүргізу, жұмыс берушімен еңбек мигрантының арасындағы кәсіби қатынасты қадағалау, еңбек келісімінің кейбір бөлімдерін қайта қарастыру құқығы, жұмысқа қайта орналасу мүмкіндігі сияқты маңызды мәселелер кірген [4].

Оңтүстік Кореяда еңбек мигранттарынан басқа шетелдіктердің бір бөлігін қысқа мерзімге туристік мақсатпен келгендер құраса екінші бөлігін миссионерлік мақсатпен, сауда-саттық, кәсіби жұмыс бабымен және ұзтаздық ету сияқты әртүрлі мақсаттармен ұзақ мерзімге келген шетелдіктер құрады. Ұзақтығы 35 жылға созылған Жапония аннексиясының өзі корей елінің қоғамы мен мәдениетіне үлкен әсерін тигізген. Жапонияның отаршылдық кезеңі мен корей соғысынан кейін Кореяның ұлттық рухын көтеретін жаңа үрдіс, мықты рухани тіреу болатын жаңа бастаулар қажет болды. Осы кезеңнен бастап Оңтүстік Кореяда этникалық ұлтшылдық, этникалық біртұтастық жайлы мәселелер жиі талқылана бастады. Қазіргі таңда ғалымдар мен тарихшылардың басым көпшілігінің пайымдауынша, қазіргі Кореяның экономикалық және әлеуметтік жағынан қарқынды дамып, үлкен жетістіктерге жеткенін осы этникалық біртұтастық идеясының қоғамда мықты орнығуы мен халықтың өзінің еліне деген патриоттық сезімін өсіріп Оңтүстік Кореяны алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарына қосуға өз септігін тигізген. Сондықтан корей еліндегі этникалық ұлтшылдық мәселесі заманауи саяси тактика құралдардың біріне айналған. Қалай болғанымен де, корей қоғамындағы этникалық ұлтшылдық сезімі халықтың сана сезімінде нық орналасқандықтан, оның әсерін

қазіргі кезде корейліктердің басқа ұлт өкілдерін қабылдауы мен оларға деген қарым-қатынастарынан байқауға болады.

1988 жылы Сеул қаласында өткен халықаралық Олимпиада ойындары Корейяның саяси-әлеуметтік жағдайы мен мәдениетін бүкіл әлемге паш еткізіп, бұрын Корейяға деген қызығушылығын танытпаған әлем мемлекеттерінің қызығушылығын оятады. Негізінен 1988 жылы өткен Сеул қаласындағы халықаралық Олимпиада ойындарында Корейяға бір мезетте алғаш рет көптеген өзге ұлт өкілдерінің келуі болған. Осы халықаралық Олимпиада ойындары барысында Корейя халқы алғаш рет көптеген өзге ұлттардың мәдениетімен жақын танысқан болатын [2]. Алайда қазіргі таңда Оңтүстік Корейяда көптеген елдердің азаматтары мен өзге ұлттардың өкілдері тұрақтап, өмір сүруде. Дегенмен де, Оңтүстік Корейя халқының этникалық құрамы

біркелкі болып келеді, яғни шетелдіктердің қарқынды келуіне қарамастан корейліктердің саны әлдеқайда басымдырақ болып келеді.

Оңтүстік Корейя қазіргі кезде мигранттар мен шетелдіктерді ең көп қабылдайтын елдердің қатарындағы мемлекеттердің біріне айналған. Мигранттардың көптеп келуі бір жағынан саяси-экономикалық тұрғыдан туындаған қажеттіліктердің орнын толтырғанымен екінші жағынан қоғамдық және әлеуметтік тұрғыдан заңсыз мигранттардың енуі мен тіркелмеген шетелдіктер санының көбеюі тәрізді келелі мәселелердің пайда болуы корей қоғамына өзінің кері әсерін тигізетіні анық. Оңтүстік Корейядағы мигранттар мәселесі әлі де болса жан-жақты қарастырылмаған, зерттелмеген мәселелердің бірі болып отыр. Корейя көпмәдениетті қоғам құру жолын жаңадан бастаған мемлекеттердің бірі болғандықтан, қазіргі алған саяси бағыты әлі талай өзгерістерден өтетіні анық.

Әдебиеттер

- 1 Ким Г.Н., История иммиграции корейцев 1945-2000., книга вторая, Част 1, – Алматы: Даик-пресс, Казахстанские востоковедные исследования, 2006, 428 п, част 2. – 394 с.
- 2 Jun Eun Oh, Dong Kwan Kang, Julia Jiwon Shin, Sang Lim Lee, Seung Bok Lee, Kiseon Chung. Migration profile of the Republic of Korea. – IOM MRTC Research report series, № 2011-01. – 132 P.
- 3 [http://kosis.kr / Korean Statistical Information Service](http://kosis.kr/Korean%20Statistical%20Information%20Service) http://kosis.kr/eng/statisticsList/statisticsList_01List.jsp?vwcd=MT_ETITLE&parentId=A (қаралған күні 07.06.2015).
- 4 Sarah Hasan. Labor migration to South Korea: Policies and problems to illegal workers //The Academy of Korean Studies. – 11 P.
- 5 Soojin Kim. Reforming Korea's Migration policy. // International Journal of knowledge and Innovation in Business (JSKIB). February. – 2014, Vol.1, №1. Sapient press. – 21-36 PP.

References

- 1 Kim G.N., Istoriya yimmigracii koreicev 1945-2000., kniga vtoraya, Chast 1, Almaty. Daik-press, Kazakhstanskіe vostokovednye issledovaniya, 2006, 428 p, chast 2, – 394s.
- 2 Jun Eun Oh, Dong Kwan Kang, Julia Jiwon Shin, Sang Lim Lee, Seung Bok Lee, Kiseon Chung. Migration profile of the Republic of Korea. – IOM MRTC Research report series, № 2011-01, – 132R.
- 3 [http://kosis.kr / Korean Statistical Information Service](http://kosis.kr/Korean%20Statistical%20Information%20Service) http://kosis.kr/eng/statisticsList/statisticsList_01List.jsp?vwcd=MT_ETITLE&parentId=A (karalğan күні 07.06.2015).
- 4 Sarah Hasan. Labor migration to South Korea: Policies and problems to illegal workers //The Academy of Korean Studies. –11 R.
- 5 Soojin Kim. Reforming Korea's Migration policy. // International Journal of knowledge and Innovation in Business (JSKIB). February. – 2014, Vol.1, №1. Sapient press. – 21-36 RR.